



БАЛАЛАРДЫҢ ТЕРЕЗЕЛЕРГЕ ЖАҚЫН ЖЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАЛКОНДАҒЫ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1

Ашық терезелердің жанында немесе балкондарда ойнауға, жүгіруге, немесе секіруге болмайды.



2

Балкон қоршаулары мен терезе алды тақтайынан сыртқа қарай еңкеюге болмайды.



3

Терезе алды тақтайына шығуға және үстіне отыруға болмайды.



4

Терезелерге және москит торларына сүйенуге болмайды.



АШЫҚ ТЕРЕЗЕ БАЛАҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ!

Кішкентай баласы бар үйде немесе пәтерде қауіпсіз орта құру үшін, келесі ережелерді сақтау қажет.



Терезелерді ашқанда баланың олардан қауіпсіз қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз.

Бала, әсіресе кішкентай бала, әрқашан үлкендердің бақылауында болуы керек екенін есте сақтаңыз.

Ұйықтап жатқан баланы ешқашан жалғыз қалдырмаңыз.

Балаға терезе қалай ашылатынын көрсетпеуге тырысыңыз.

Балаңызға үлкендердің қарауынсыз балконға шығуға рұқсат бермеңіз.





АШЫҚ ТЕРЕЗЕ БАЛАҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ!

Барлық жиһазды терезелерден алыстатыңыз.

Пластик терезелерді жоғарғы жағында кішкене бос орын қалдыратын күрделі ашылу әдісімен ашыңыз.

Көбіне желкөздерді ашыңыз.



Москит торларына сенбеңіз – олар жалған қауіпсіздік сезімін тудырады.



Терезе құлыптары мен блокираторларды орнатыңыз.

Терезе алды тақтайына бөлме гүлдерін немесе сәндік заттарды қойыңыз.

Терезелер мен балкондарға мықты қоршауларды орнатыңыз.



БАЛАЛАРДЫ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУДАН ҚОРҒАУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Сіз үнемі балаңыздың қасындамын деп ойласаңыз да, көңіліңіз басқаға бөлінген бір сәт балаңыз үшін қатерлі, тіпті оның өміріндегі соңғы сәт болуы мүмкін!

Бала терезеге шығып кетпес үшін жиһазды терезеге жақын қоймаңыз.



Москит торларына сенбеңіз! Олар құлаудан қорғамайды, сонымен қатар қайғылы жағдай тудыруы мүмкін, өйткені бала тордың артында өзін қауіпсіз сезініп, терезеге сүйенгендей, торға да сүйенеді. Көбінесе балалар бұл «қорғаныспен» бірге құлап кетеді.

Терезелерді төменнен емес, жоғарыдан ашуға тырысыңыз.



БАЛАЛАРДЫ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУДАН ҚОРҒАУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Бала терезені өзі ашпауы үшін,
блокиратор орнатыңыз.

Балаларды құлаудан қорғау
үшін терезе торларын орнатыңыз.

Үйде бала болса, терезені
ешқашан ашық қалдырмаңыз.



Балаңызға терезеден бірдеңе
көрсетсеңіз, оны мықтап ұстаңыз
(бірақ киімінен емес!),
оның күтпеген және жылдам
қимылдарына дайын болыңыз.

Балаларға іс жүзінде қауіпсіздік
сабақтарын ұсыныңыз.

Үлкен балаларды кішкентай
балаларға қарауды үйретіңіз.





БАЛАЛАРДЫ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУДАН ҚОРҒАУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Қайғылы статистикаға сүйенсек, терезеден құлау жағдайларының көпшілігі ата-аналар балаларын қараусыз қалдырған кезде болады.

Терезелерде москит торлары болса, балаларға оларға ешқашан сүйенуге болмайтынын түсіндіріңіз, себебі олар берік көрінгенімен, баланың салмағын көтере алмайтынын айтыңыз.



Терезелерге балалар қауіпсіздігі жүйесін: арнайы фурнитура, балалар тосқауыл-құлпысын немесе құлыпты тұтқаны міндетті түрде орнатыңыз.

Терезенің қасына орындық, кресло, пуфик, жастық пен қораптарды немесе баланың терезеге оңай шығуына мүмкіндік беретін басқа заттарды қоймаңыз.



Ашық терезелердің жанында қимыл ойындар ойнауға, секіруге жол бермеңіз.

Балаларды аз уақытқа болса да жалғыз қалдырмаңыз!

Балалардың терезесі ашық бөлмеде бірнеше секунд болса да жалғыз қалмауын қадағалаңыз.